КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 04 қараша № 1013-24-00-2/2388 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Балғабеков
оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Алдибаева» Алдибаева Анель Ренатовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Алдибаева» Алдибаева Анель Ренатовнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Алдибаева» Алдибаева Анель Ренатовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Алдибаева» Алдибаева Анель Ренатовнадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облысы сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым, наразылық – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **С. Балғабеков**

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 05.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.12.2024, Судья Балғабеков С. Б., 12.12.2024

1013-24-3-1/2355